



"Қазақстан Республикасы мен Австрия Республикасы арасындағы Табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты конвенцияны бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 4 тамыздағы N 811 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасы мен Австрия Республикасы арасындағы Табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты конвенцияны бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

міндетін атқарушы

Жоба

Қазақстан Республикасы мен Австрия Республикасы арасындағы Табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты конвенцияны бекіту туралы

Вена қаласында 2004 жылғы 10 қыркүйекте жасалған Қазақстан Республикасы мен Австрия Республикасы арасындағы Табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты конвенция бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН
АВСТРИЯ РЕСПУБЛИКАСЫ
АРАСЫНДАҒЫ ТАБЫС ПЕН КАПИТАЛҒА
САЛЫНАТЫН САЛЫҚТАРҒА ҚАТЫСТЫ
КОНВЕНЦИЯ**

Қазақстан Республикасы мен Австрия Республикасы, Табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты конвенция жасасуға ниет білдіре отырып, төмендегілер туралы уағдаласты:

1-бап

КОНВЕНЦИЯ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТҰЛҒАЛАР

Осы Конвенция Уағдаласушы Мемлекеттердің біреуінің немесе екеуінің де резиденті болып табылатын тұлғаларға қолданылады.

2-бап

КОНВЕНЦИЯ ҚОЛДАНЫЛАТЫН САЛЫҚТАР

(1) Осы Конвенция Уағдаласушы Мемлекеттің немесе оның саяси-әкімшілік бөлімшелерінің немесе жергілікті билік органдарының атынан алынатын табыс пен капиталға салынатын салықтарға оларды алу әдісіне қарамастан қолданылады.

(2) Жылжымалы немесе жылжымайтын мүлікті иеліктен шығарудан алынған табыстарға салынатын салықтарды, кәсіпорындар төлейтін еңбекақының немесе жалақының жалпы сомасынан алынатын салықтарды, сондай-ақ мүлік құнының өсуінен алынатын салықтарды қоса, табыстың жалпы сомасынан, капиталдың жалпы сомасынан немесе табыстың немесе капиталдың жеке бөліктерінен алынатын салықтардың барлық түрі табыс пен капиталға салынатын салықтар деп есептеледі.

(3) Конвенция қолданылатын қазіргі салықтар, атап айтқанда, мыналар болып табылады :

а) Қ а з а қ с т а н д а :

(i) корпорациялық табыс салығы;

(ii) жеке табыс салығы;

(iii) мүлікке салынатын салық;

б) А в с т р и я д а :

(i) табыс салығы (die Einkommensteuer);

(ii) корпорациялық салық (die Körperschaftsteuer);

(iii) жер салығы (die Grundsteuer);

(iv) ауыл шаруашылығы және орман кәсіпорындарына салынатын салық (die Abgabe von forstwirtschaftlichen Betrieben);

(v) бос (иесіз, құрылыс салынбаған) жер учаскелерінің құнына салынатын салық (die Abgabe von Bodenwert bei unbebauten Grundstücken).

(4) Конвенция Конвенцияға қол қойылған күннен кейін қолданылып жүрген салықтарға қосымша немесе солардың орнына алынатын бірдей немесе мәні бойынша ұқсас кез келген салықтарға да қолданылады. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары өздерінің тиісті салық заңдарына енгізілетін кез келген елеулі өзгерістер туралы бірін-бірі хабардар етіп отырады.

3-бап

ЖАЛПЫ АНЪҚТАМАЛАР

(1) Егер түпнұсқа мәтіннен өзгедей мағына туындамаса, осы Конвенцияның мақсаттары үшін:

а) терминдер:

(i) "Қазақстан" Қазақстан Республикасын білдіреді және географиялық мағынасында қолданған кезде "Қазақстан" термині аумақтық суларды, сондай-ақ халықаралық құқыққа сәйкес Қазақстан белгілі бір мақсаттары үшін егемендік құқықтары мен юрисдикциясын жүзеге асыра алатын және Қазақстан салықтарын реттейтін заңдар қолданылатын айрықша экономикалық аймақ пен құрлықтық қайранды қамтиды;

(ii) "Австрия" Австрия Республикасын білдіреді;

b) "тұлға" термині жеке тұлғаны, компанияны және тұлғалардың кез келген басқа да бірлестігін қамтиды;

c) "компания" термині салық салу мақсаттары үшін құқық субъектілік ұйым ретінде қарастырылатын кез келген құқық субъектілік ұйымды немесе кез келген дербес құқықтық бірлікті білдіреді;

d) "Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны" және "екінші Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны" терминдері тиісінше Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқаратын кәсіпорынды және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқаратын кәсіпорынды білдіреді;

e) "халықаралық тасымал" термині теңіз немесе әуе кемесі тек басқа Уағдаласушы Мемлекеттің пункттері арасында ғана пайдаланылатыннан басқа жағдайларды қоспағанда, Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны пайдаланатын кез келген теңіз немесе әуе кемесімен жасалатын тасымалды білдіреді;

f) "құзыретті орган" термині:

(i) Қазақстанда: Қаржы министрлігін немесе оның уәкілетті өкілін;

(ii) Австрияда: Федералдық Қаржы министрін немесе оның уәкілетті өкілін білдіреді;

g) "ұлттық тұлға" термині:

(i) Уағдаласушы Мемлекеттің азаматтығы бар кез келген жеке тұлғаны;

(ii) Уағдаласушы Мемлекеттің қолданыстағы заңдары негізінде өз мәртебесін алған кез келген заңды тұлғаны, серіктестікті немесе қауымдастықты білдіреді.

(2) Уағдаласушы Мемлекет кез келген уақытта Конвенцияны қолданған кезде онда айқындалмаған кез келген термин, егер түпнұсқа мәтіннен өзгеше мағына туындамаса, осы Конвенция қолданылатын салықтарға қатысты сол Уағдаласушы Мемлекеттің заңдары бойынша ол қандай мағынада пайдаланылса, сондай мағынаға ие болады, бұл ретте Уағдаласушы Мемлекеттің қолданылатын салық заңдары бойынша кез келген

мағына осы Уағдаласушы Мемлекеттің басқа заңдары бойынша терминіне берілетін мағынадағы басымдыққа ие болады.

4-бап

РЕЗИДЕНТ

(1) Осы Конвенцияның мақсаттары үшін "Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті" термині сол Уағдаласушы Мемлекеттің заңдары бойынша оның тұрғылықты жері, резиденттігі, басқару орны, құрылу орны немесе осындай сипаттағы кез келген басқа өлшем негізінде онда салық салынуға тиіс кез келген тұлғаны білдіреді және сондай-ақ Уағдаласушы Мемлекетті, оның саяси-әкімшілік бөлімшесін немесе жергілікті билік органын қамтиды. Ол сондай-ақ Уағдаласушы Мемлекеттің заңдары бойынша құрылған, кірісі осы Уағдаласушы Мемлекетте салықтан босатылатын кез келген зейнетақы қорын немесе ұқсас мекемені немесе қайырымдылық ұйымын қамтиды. Алайда бұл термин тек осы Уағдаласушы Мемлекеттегі көздерден алынатын табысқа қатысты немесе онда орналасқан капиталға қатысты осы Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуға жататын кез келген тұлғаны қамтымайды.

(2) Егер 1-тармақтың ережелеріне сәйкес жеке тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болып табылса, оның мәртебесі мынадай тұрғыда айқындалады:

а) ол өзінің билік етуіндегі тұрақты үй-жайы орналасқан осы Уағдаласушы Мемлекеттің ғана резиденті болып есептеледі; егер оның билік етуінде Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінде де тұрақты баспанасы болса, ол мейлінше тығыз жеке және экономикалық қатынасы (өмірлік мүдделер орталығы) бар Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып есептеледі;

б) егер оның өмірлік мүдделер орталығы бар Уағдаласушы Мемлекетті айқындау мүмкін болмаса немесе оның Уағдаласушы Мемлекеттердің бірде біреуінде өзінің билік етуіндегі тұрақты баспанасы болмаса, ол тек сол өзі әдетте тұрып жатқан Уағдаласушы Мемлекеттің ғана резиденті болып есептеледі;

с) егер ол әдетте Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінде де тұратын болса немесе олардың бірде біреуінде тұрмаса, ол өзі азаматы болып отырған Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып есептеледі;

д) егер ол Уағдаласушы Мемлекеттердің біреуінің де азаматы болып табылмаса, Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары аталған мәселені өзара келісім бойынша шешеді.

(3) Егер 1-тармақтың ережелеріне сәйкес жеке адамнан өзге тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болса, онда ол тиімді басқару орны орналасқан Уағдаласушы Мемлекеттің ғана резиденті болып есептеледі.

5-бап

ТҰРАҚТЫ МЕКЕМЕ

(1) Осы Конвенцияның мақсаттары үшін "тұрақты мекеме" термині кәсіпорынның кәсіпкерлік қызметі толық немесе ішінара жүзеге асырылатын тұрақты қызмет орнын білдіреді.

(2) "Тұрақты мекеме" термині, атап айтқанда, мыналарды:

- a) басқару орнын;
- b) бөлімшені;
- c) кеңсені;
- d) фабриканы;
- e) шеберхананы;

f) және шахтаны, мұнай немесе газ ұңғымаларын, карьерді немесе табиғи ресурстар өндіретін басқа да кез келген орынды қамтиды.

(3) "Тұрақты мекеме" термині, сондай-ақ:

a) егер осындай алаң немесе объект 12 айдан астам уақыт бойы тұрса немесе мұндай қызмет 12 айдан астам уақыт бойы көрсетілсе, құрылыс алаңын немесе құрылыс, монтаждау немесе жинау объектісін немесе осы жұмыстардың орындалуын бақылауға байланысты қызметтерді;

b) егер тек мұндай пайдалану 12 айдан астам уақыт бойы созылса немесе мұндай қызмет 12 айдан астам уақыт бойы көрсетілсе, табиғи ресурстарды барлау үшін пайдаланылатын қондырғыны немесе құрлысты немесе осы жұмыстардың орындалуын қадағалауға байланысты қызметтерді немесе табиғи ресурстарды барлау үшін пайдаланылатын бұрғылау қондырғысын немесе кемесін қамтиды.

(4) Осы баптың алдыңғы ережелеріне қарамастан, "тұрақты мекеме" термині:

a) құрылыстарды тек кәсіпорынға тиесілі тауарларды немесе бұйымдарды сақтау, көрсету немесе жеткізіп тұру мақсаттары үшін пайдалануды;

b) кәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын тек сақтау, көрсету немесе жеткізіп тұру мақсаттары үшін ұстауды;

c) кәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын тек басқа кәсіпорынның өңдеу мақсаттары үшін ұстауды;

d) тұрақты қызмет орнын тек тауарлар немесе бұйымдар сатып алу мақсаттары үшін немесе кәсіпорынға арналған ақпарат жинау үшін ұстауды;

e) тұрақты қызмет орнын тек кәсіпорын үшін дайындық немесе көмекші сипаттағы кез келген басқа қызметті жүзеге асыру мақсаттары үшін ұстауды;

f) осындай амал нәтижесінде туындайтын тұрақты қызмет орнының жиынтық қызмет дайындық немесе көмекші сипатта болған жағдайда тұрақты қызмет орнын а) тармақшасынан бастап е) тармақшасын қоса алғанда санамаланған қызмет түрлерінің кез келген амалын жүзеге асыру үшін ұстауды қамтиды деп қарастырылмайды.

(5) 1 және 2-тармақтардың ережелеріне қарамастан, егер 6-тармақ қолданылатын тәуелсіз мәртебесі бар агенттен өзге тұлға кәсіпорын атынан әрекет етсе және Уағдаласушы Мемлекетте кәсіпорын атынан келісім-шарттар жасасуға өкілеттікті әдетте пайдаланып жүрсе, онда бұл кәсіпорын осы тұлға кәсіпорын үшін жүзеге асыратын кез келген қызмет жөнінде осы Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі бар кәсіпорын ретінде қарастырылады, оның қызметі 4-тармақта аталған тұрақты қызмет орны арқылы жүзеге асырылғанның өзінде осы тұрақты қызмет орнын осы тармақтың ережелеріне сәйкес тұрақты мекемеге айналдырмайтын қызмет түрлерімен ш е к т е л м е й д і .

(6) Кәсіпорын кәсіпкерлік қызметін осы Уағдаласушы Мемлекетте делдал, комиссия немесе тәуелсіз мәртебесі бар кез келген басқа агент арқылы жүзеге асырғаны үшін ғана, осындай тұлғалар өздерінің әдеттегі қызметі шеңберінде әрекет жасаған жағдайда, Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі бар кәсіпорын ретінде қ а р а с т ы р ы л м а й д ы .

(7) Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияны бақылауы немесе оның бақылауында болуы немесе осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте кәсіпкерлік қызметпен айналысуы (не тұрақты мекеме арқылы не басқадай жолмен айналысуы) фактісі осы компаниялардың бірін екіншісінің тұрақты мекемесіне айналдырмайды.

6-бап

ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІКТЕН АЛЫНАТЫН ТАБЫС

(1) Уағдаласушы Мемлекеттің резидентінің екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүліктен алған табыстарына (ауыл шаруашылығынан немесе орман шаруашылығынан алған табыстарды қосқанда) осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

(2) "Жылжымайтын мүлік" термині қаралып отырған мүлік орналасқан Уағдаласушы Мемлекеттің заңдары бойынша қандай мағынасы болса, сондай мағынаға ие болады. Термин кез келген жағдайда жылжымайтын мүлікке қатысты қосалқы мүлікті, ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығында пайдаланылатын мал мен жабдықты, жер меншігіне қатысты заң ережелері қолданылатын құқықтарды, жылжымайтын мүлік узуфрукт және минералдық ресурстарды, қорларды және басқа да табиғи қазбаларды игеру үшін берілетін өтемақы ретіндегі өзгермелі немесе тіркелген төлемдеріне құқықтарды қамтиды. Теңіз және әуе кемелері жылжымайтын мүлік р е т і н д е қ а р а с т ы р ы л м а й д ы .

(3) 1-тармақтың ережелері жылжымайтын мүлікті тікелей пайдаланудан, жалға беруден немесе кез келген басқа нысанда пайдаланудан алынған табысқа қолданылады.

(4) 1 және 3-тармақтардың ережелері, сондай-ақ кәсіпорынның жылжымайтын мүлкінен алынатын табысқа және тәуелсіз жеке қызметтер көрсету үшін пайдаланылатын жылжымайтын мүліктен алынатын табысқа қолданылады.

7-бап

КӘСІПкерлік қызметтен алынатын пайда

(1) Егер Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекетте кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырмаса немесе сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырмаса, кәсіпорынның пайдасына тек осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады. Егер кәсіпорын жоғарыда айтылғандай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса, кәсіпорынның пайдасына екінші Уағдаласушы Мемлекетте, бірақ осындай тұрақты мекемеге қатысты бөлігіне ғана салық салынуы мүмкін.

(2) 3-тармақтың ережелерін ескере отырып, егер Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса, онда әрбір Уағдаласушы Мемлекетте осы тұрақты мекемеге егер ол оқшау және дербес кәсіпорын болып, осындай немесе ұқсас жағдайларда дәл осындай немесе ұқсас қызметпен айналысып, өзі тұрақты мекемесі болып табылатын кәсіпорыннан толық тәуелсіз әрекет жасағанда алынуы мүмкін пайда ж а т қ ы з ы л а д ы .

(3) Тұрақты мекеменің пайдасын анықтау кезінде шығыстар тұрақты мекеме орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте немесе басқа жерде жұмсалғанына қарамастан, басқару және жалпы әкімшілік шығыстарын қосқанда, тұрақты мекеменің мақсаттары үшін жұмсалған шығыстарды шегеруге жол беріледі.

(4) Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемеге қатысты пайданы кәсіпорынның жалпы пайдасын оның әр түрлі бөлімшелері арасында үлесті тепе-тең бөлу негізінде айқындау қабылданғандықтан, осы Уағдаласушы Мемлекеттің салық салынатын пайданы айқындауына 2-тармақта әдетте қабылданғанындай осылай бөлуіне ешнәрсе кедергі бола алмайды. Алайда үлесті тепе-тең бөлудің таңдалған әдісі осы бапта айтылған қағидаттарға сәйкес келетін нәтижелер беруге тиіс.

(5) Тұрақты мекеменің кәсіпорын үшін тауарлар немесе бұйымдар сатып алуының негізінде ғана осы тұрақты мекемеге қандай да болмасын пайда есептелмейді.

(6) Алдыңғы тармақтардың мақсаттары үшін тұрақты мекемеге жататын пайда, егер мұндай тәртіпті өзгерту үшін жергілікті және дәлелді себептері болмаса жылма-жыл бір келкі т ә с і л м е н а н ы қ т а л а д ы .

(7) Егер пайда осы Конвенцияның басқа баптарында жеке айтылатын кірістердің түрлерін қамтыса, онда бұл баптардың ережелері осы баптың ережелерін қозғамайды.

(8) "Пайда" термині осы бапта қолданылған кезде кез келген әріптес әріптестікке қатысудан және Австрияның жағдайында Австрия заңдарына сәйкес құрылған "пассив" серіктестікке (Stille Gesellschaft) қатысудан алған пайданы қамтиды.

8-бап

ТЕҢІЗ ЖӘНЕ ӘУЕ КӨЛПІ

(1) Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті теңіз немесе әуе кемелерін халықаралық тасымалдауда пайдаланудан алған пайдаға тек осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

(2) 1-тармақтың ережелері пулға, көлік құралдарын пайдалану жөніндегі бірлескен кәсіпорынға немесе халықаралық ұйымға қатысудан алынатын пайдаға да қолданылады.

9-бап

ҚАУЫМДАСҚАН КӘСПОРЫНДАР

(1) Е г е р

а) бір Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнын басқаруға, бақылауға немесе оның капиталына тікелей немесе жанама түрде қатысса;

б) немесе сол бір тұлғалар Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнын және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнын басқаруға, бақылауға немесе капиталына тікелей немесе жанама түрде қатысса

және кез келген жағдайда екі кәсіпорынның арасында олардың коммерциялық немесе қаржы қатынастарында тәуелсіз екі кәсіпорынның арасында орын алуы мүмкін жағдайлардан өзгеше жағдайлар жасалса немесе орнықса, онда кәсіпорындардың біріне есептелуі мүмкін, бірақ осы жағдайлардың орын алуына байланысты оған есептелмеген кез келген пайда осы кәсіпорынның пайдасына қосылуы және оған тиісінше салық салынуы мүмкін.

(2) Егер Уағдаласушы Мемлекет екінші Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорнының осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынған пайдасын осы Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорнының пайдасына қосса әрі тиісінше салық салса және осылай қосылған пайда алғашқы аталған Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнына есептелетіндей болса, егер екі кәсіпорынның арасындағы өзара қатынас тәуелсіз кәсіпорындардың арасында жасалатын жағдайлардай болса, онда осы екінші Уағдаласушы Мемлекет осы пайдадан алынатын салық сомасына тиісті түзету жасайды. Осындай түзетуді айқындау кезінде осы Конвенцияның басқа да ережелері ескерілуі тиіс және Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары қажет болған кезде бір-бірімен консультация жүргізіп отырады.

10-бап ДИВИДЕНДТЕР

(1) Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төлейтін дивидендтеріне осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

(2) Алайда осындай дивидендтерге, сондай-ақ дивидендтер төлейтін компания резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте де және осы Уағдаласушы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ егер дивидендтердің іс жүзіндегі иесі екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылса, онда осылайша алынатын салық:

а) егер іс жүзіндегі иесі дивидендтерді төлейтін компания капиталының 10 процентінен кем емес бөлігіне тікелей иелік ететін компания болса, дивидендтердің жалпы сомасының 5 процентінен;

б) қалған барлық жағдайда дивидендтердің жалпы сомасының 15 процентінен аспайды.

Бұл тармақтың ережелері дивидендтер төленетін пайдаға қатысты компанияға салық салуды қарастырмайды.

(3) "Дивидендтер" терминін осы Бапта пайдаланған кезде ол акциялардан, "jouissance" акцияларынан немесе "jouissance" пайдалану құқықтарынан, тау-кен өнеркәсібі кәсіпорындарының акцияларынан, құрылтайшылардың акцияларынан немесе борыш-талаптары болып табылмайтын, бірақ пайдаға қатысудан түсетін кіріске деген құқық беретін басқа да құқықтардан алынатын табысты, сондай-ақ пайданы бөлуші компания резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекеттің заңдарына сәйкес акциялардан алынатын табыс секілді дәл сондай салықтық реттеуге жататын басқа да корпорациялық құқықтарынан алынатын табысты білдіреді.

(4) Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын, дивидендтердің іс жүзіндегі иесі дивидендтерді төлейтін компания резиденті болып отырған екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан тұрақты мекеме арқылы онда кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса немесе осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты базадан тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және төленіп жүрген дивидендтерге қатысты холдинг шын мәнінде осындай тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен байланысты болса, 1 және 2-тармақтың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда мән-жайларға қарай 7-баптың немесе 14-баптың ережелері қолданылады.

(5) Егер Уағдаласушы Мемлекеттің бірінің резиденті болып табылатын компания екінші Уағдаласушы Мемлекеттен пайда немесе табыс алып тұрған болса, осы екінші Уағдаласушы Мемлекет мұндай дивидендтер осы екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін немесе өзіне қатысты дивидендтер төленетін холдинг шын

мәнінде осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен байланысты болатын жағдайды қоспағанда, осы компания төлейтін дивидендтерді салықтан босата алады және компанияның бөлінбеген пайдасынан егер тіпті төленетін дивидендтер немесе бөлінбеген пайда осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте пайда болған табыстан толығымен немесе ішінара құралса да, бөлінбеген п а й д а ғ а с а л ы қ с а л ы н б а й д ы .

(6) Осы Конвенцияда бұл Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемеге жататын компанияның пайдасы, осылайша есептелген кез келген қосымша салық осындай пайда сомасының 5 процентінен аспаған жағдайда, бұл Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның пайдасына есептелетін салыққа қосымша салық салынатын Уағдаласушы Мемлекетке кедергі келтіретіндей етіп ештеңені түсіндіруге болмайды. Осы тармақтың мақсаттары үшін пайда осы тармақта аталған қосымша салыққа қарағанда өзге де, одан тұрақты мекеме орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте өндіріп алынатын және осындай пуланың 50 проценттік сомасына азайтылған барлық салықты шегеріп тастағаннан кейін анықталады.

11-бап

ПРОЦЕНТТЕР

(1) Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін проценттерге осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте с а л ы қ с а л ы н у ы м ү м к і н .

(2) Алайда мұндай проценттерге, сондай-ақ олар пайда болатын Уағдаласушы Мемлекетте және осы Уағдаласушы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ, егер проценттердің нақты иесі екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылса, онда мұндай тәсілмен алынған салық проценттердің жалпы сомасының 10 процентінен аспауы тиіс.

(3) 2-тармақтың ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекеттің бірінде пайда болатын проценттер, егер олар алынған және:

а) екінші Уағдаласушы Мемлекеттің Үкіметіне, саяси-әкімшілік бөлімшесіне немесе жергілікті билік органына;

б) екінші Уағдаласушы Мемлекеттің Орталық банкіне немесе Уағдаласушы Мемлекеттермен өзара келісе алатын кез келген екінші үкіметтік банкке немесе қаржы мекемесіне/агенттігіне жататын жағдайда осы Уағдаласушы Мемлекетте салықтан б о с а т ы л а д ы .

(4) 2-тармақтың ережелеріне қарамастан, Қазақстанда пайда болатын және Австрия резидентіне төленетін проценттер, егер олар ұсынылған, кепілдік берілген немесе сақтандырылған қарызға немесе Osterreichische Kontrollbank AG кепілдік берген немесе сақтандырған кез келген басқа борыштық талаптарға немесе кредитке қатысты төленсе,

Қазақстандағы салықтан босатылады.

(5) Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын проценттерге, тек екінші Уағдаласушы Мемлекетте, егер:

а) проценттерді алушы, сондай-ақ нақты иесі осы екінші Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны болып табылса, және

б) кәсіпорынның кредитке бірінші аталған Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнына кез келген бұйымдары немесе өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми жабдықты сату кезінде пайда болатын берешекке қатысты төленетін проценттерге салық салынды.

(6) "Проценттер" термині осы бапта пайдаланылған кезде кепілмен қамтамасыз етілген немесе қамтамасыз етілмеген және борышқорлардың пайдасына қатысуға құқық беретін немесе бермейтін борыштық талаптардың кез келген түрінен алынған табысты және сондай-ақ үкіметтік бағалы қағаздардан алынатын табысты және осы бағалы қағаздар, облигациялар немесе борыштық міндеттемелер бойынша сыйақылар мен ұтыстарды қоса алғанда, облигациялардан немесе борыштық міндеттемелерден алынатын табысты білдіреді. Уақтылы төленбеген төлемдерге салынатын айыппұлдар осы баптың мақсаттары үшін проценттер ретінде қарастырылмайды.

(7) Егер проценттердің нақты иесі бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті бола отырып, проценттер пайда болатын екінші Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса немесе осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты базамен тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және оларға қатысты проценттер төленетін борыштық талап шын мәнінде осындай тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға қатысты болса, 1 және 2-тармақтардың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда мән-жайларға қарай 7-баптың немесе 14-баптың ережелері қолданылады.

(8) Егер, төлеуші осы Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылса, проценттер Уағдаласушы Мемлекетте пайда болады деп саналады. Егер, алайда, проценттер төлеуші тұлға Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті ме, жоқ па осыған қарамастан, Уағдаласушы Мемлекетте оларға байланысты олар бойынша проценттер төленетін берешек пайда болған тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы болса және осындай проценттерді осындай тұрақты мекеме немесе тұрақты база төлейтін болса, онда мұндай проценттер осындай тұрақты мекеме немесе тұрақты база орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте пайда болады деп саналады.

(9) Егер проценттер төлеуші мен оның нақты иесі арасындағы немесе сол екеуі мен қандай да болсын басқа бір тұлғаның арасындағы арнайы қатынастардың себебінен оның негізінде төленетін борыштық талапқа қатысты проценттердің сомасы проценттер төлеуші мен олардың нақты иесі арасында осындай қатынастар болмаған кезде келісіле алатындай сомадан асып кетсе, осы баптың ережелері тек соңғы аталған сомаға ғана қолданылады. Мұндай жағдайда төлемнің басы артық бөлігін осы

Конвенцияның басқа ережелерін ескере отырып, әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуға жатады.

12-бап **РОЯЛТИ**

(1) Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін роялтиге осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте с а л ы қ с а л ы н у ы м ү м к і н .

(2) Мұндай роялтиге, сондай-ақ ол пайда болатын Уағдаласушы Мемлекетте және осы Уағдаласушы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ, егер алушы және роялтидің нақты иесі екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылса, онда осындай тәсілмен алынатын салық роялтидің жалпы сомасының 10 п р о ц е н т і н е н а с п а у ғ а т и і с .

(3) "роялти" термині осы бапта пайдаланылған кезде кинематографиялық фильмдерді қоса алғанда, әдебиет, өнер немесе ғылым шығармаларына, кез келген патентке, сауда маркасына, дизайнға немесе модельге, жоспарға, құпия формулаға немесе процеске, кез келген авторлық құқықты пайдаланғаны үшін немесе осындай құқықты пайдалануға бергені үшін немесе өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми тәжірибеге қатысты ақпараттар үшін сыйақы ретінде алынған төлемдердің кез келген т ү р і н б і л д і р е д і .

(4) Егер, роялтидің нақты иесі Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті бола отырып, роялти пайда болған екінші Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса немесе осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте онда орналасқан тұрақты базадан тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және оларға қатысты роялти төленетін құқық немесе мүлік шын мәнінде осындай тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен байланысты болса, 1 және 2-тармақтардың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда мән-жайларға қарай 7-баптың немесе 14-баптың е р е ж е л е р і қ о л д а н ы л а д ы .

(5) Егер, төлеуші осы Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылса, роялти Уағдаласушы Мемлекетте пайда болады деп саналады. Егер, алайда, роялти төлеуші тұлға Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті ме, жоқ па осыған қарамастан, Уағдаласушы Мемлекетте роялти төлеу міндеттемесінің пайда болуына байланысты тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы болса және осындай роялти осы тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен байланысты болса, онда мұндай роялти тұрақты мекеме немесе тұрақты база орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте пайда болды деп с а н а л а д ы .

(6) Егер роялти төлеуші мен оның нақты иесі арасындағы немесе сол екеуі мен қандай да болсын басқа бір тұлғаның арасындағы ерекше қатынастардың салдарынан

олардың негізінде төленетін пайдалануға, құқыққа немесе ақпаратқа қатысты роялтидің сомасы осындай қатынастар болмай тұрғанда роялти төлеуші мен оның нақты иесі арасында келісіле алатындай сомадан асып кетсе, онда осы баптың ережелері тек соңғы аталған сомаға ғана қолданылады. Мұндай жағдайда төлемнің басы артық бөлігі осы Конвенцияның басқа да ережелерін тиісті түрде ескере отырып, әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуға жатады.

13-бап

МҮЛК ҚҰНЫНЫҢ ӨСІМІНЕН АЛЫНАТЫН ТАБЫСТАР

(1) Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті 6-бапта айқындалғандай, екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүлікті иеліктен алудан алынатын табыстарға осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

(2) Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекетте иелік етіп отырған тұрақты мекеменің кәсіпкерлік мүлкінің бір бөлігін құрайтын жылжымалы мүлікті иеліктен алудан немесе осындай тұрақты мекемені (жеке немесе жиынтық бүкіл кәсіпорынмен алғанда) немесе осындай тұрақты базаны иеліктен алудан алынған осындай табыстарды қоса алғанда, тәуелсіз жеке қызметтер көрсету мақсаттары үшін Уағдаласушы Мемлекет резидентінің екінші Уағдаласушы Мемлекетте иелігіндегі тұрақты базаға қатысты жылжымалы мүліктен алынған табыстарға осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

(3) Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті халықаралық тасымалда пайдаланатын теңіз немесе әуе кемелерін немесе мұндай теңіз немесе әуе кемелерін пайдалануға байланысты жылжымалы мүлікті иеліктен алудан алынатын табыстарға тек осы Уағдаласушы Мемлекетте салық салынады.

(4) 1, 2 және 3-тармақтарда айтылғаннан басқа, кез келген мүлікті иеліктен алудан алынған табыстарға мүлікті иеліктен алушы тұлға резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

14-бап

ТӘУЕЛСІЗ ЖЕКЕ ҚЫЗМЕТТЕР

(1) Кәсіби қызмет көрсетуге немесе тәуелсіз сипаттағы басқа да қызметке қатысты Уағдаласушы Мемлекет резидентінің алған табысына, егер тек мұндай қызметтер екінші Уағдаласушы Мемлекетте көрсетілсе немесе көрсетілмесе, осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады;

а) және кіріс екінші Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты негізде жеке тұлғаның бар немесе болған тұрақты базасына жатады;

б) немесе мұндай жеке тұлға осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте тиісті салық жылынан басталатын немесе аяқталатын кез келген он екі айлық кезеңде жалпы жиыны

183 күннен асып түсетін кезеңнің немесе кезеңдердің ішінде болса немесе болған болса ;

Мұндай жағдайда қызметтермен байланысты кіріс тұрақты мекемеге пайда сомасын белгілеу және кәсіпкерлік пайданы жатқызу үшін 7-баптағы ұқсас қағидаттардың қағидаттарына сәйкес осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

(2) "Кәсіби қызметтер" термині, атап айтқанда, тәуелсіз ғылыми, әдеби, әртістік, білім беру немесе оқытушылық қызметтерді, сондай-ақ дәрігерлердің, заңгерлердің, инженерлердің, сәулетшілердің, тіс дәрігерлерінің және бухгалтерлердің тәуелсіз қызметтерін қамтиды.

15-бап

ТӘУЕЛДІ ЖЕКЕ ҚЫЗМЕТТЕР

(1) 16, 18, 19 және 20-баптардың ережелерін ескере отырып, Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті жалданып істеген жұмысына байланысты алған еңбекақыға, жалақыға және басқа да осындай сыйақыға, егер тек жалданып жұмыс істеу екінші Уағдаласушы Мемлекетте орындалмаса, осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады. Егер жалданып істейтін жұмыс осындай тәсілмен орындалса, осындай сыйақыға осыған байланысты алынған ретінде осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте с а л ы қ с а л ы н у ы м ү м к і н .

(2) 1-тармақтың ережелеріне қарамастан, екінші Уағдаласушы Мемлекетте орындалатын жалдау жұмысына қатысты Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті алған сыйақыға тек алғашқы аталған Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады, егер:

а) алушы тиісті салық жылында басталатын немесе аяқталатын кез келген он екі айлық кезеңнің шегінде жиынтығы 183 күннен аспайтын кезең немесе кезеңдер ішінде осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте тұрса,

б) және сыйақыны екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылмайтын жалдаушы төлесе немесе жалдаушының атынан төлесе,

с) және сыйақыны жалдаушының екінші Уағдаласушы Мемлекеттегі тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы төлемесе.

(3) Осы баптың мұның алдындағы ережелеріне қарамастан, халықаралық тасымалда пайдаланатын теңіз немесе әуе кемесінің бортында орындалатын жалдама жұмыстарға қатысты алынған сыйақыға теңіз немесе әуе кемесін пайдаланатын кәсіпорын резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

16-бап

ДИРЕКТОРЛАРДЫҢ ҚАЛАМАҚЫЛАРЫ

Екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның директорлар кеңесінің мүшесі ретінде Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті алған

директорлардың қаламақыларына және басқа да сондай төлемдерге осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

17-бап

ӘРТИСТЕР МЕН СПОРТШЫЛАР

(1) 7, 14 және 15-баптардың ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті театр, кино, радио немесе теледидар әртісі немесе сазгер секілді өнер қызметкері ретінде немесе спортшы ретінде екінші Уағдаласушы Мемлекетте жүзеге асыратын өзінің жеке қызметінен алған табысына осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте с а л ы қ с а л ы н у ы м ү м к і н .

(2) Егер өнер қызметкерінің немесе спортшының осы өзінің сипатында жүзеге асыратын жеке қызметінен алынатын табысы өнер қызметкерінің немесе спортшының өзіне емес, басқа тұлғаға есептелсе, бұл табысқа, 7, 14 және 15-баптардың ережелеріне қарамастан, өнер қызметкерінің немесе спортшының қызметі жүзеге асырылатын Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

18-бап

ЗЕЙНЕТАҚЫЛАР

19-баптың 2-тармағының ережелеріне сәйкес бұрын Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне жүзеге асыратын жұмысы үшін төленетін зейнетақыларға және басқа да осындай төлемдерге тек осы Уағдаласушы Мемлекетте салық салынады.

19-бап

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

(1) а) кез келген жеке тұлғаға Уағдаласушы Мемлекет немесе оның саяси-әкімшілік бөлімшелері немесе жергілікті билік органы осы Уағдаласушы Мемлекетке немесе оның саяси-әкімшілік бөлімшелеріне немесе оның жергілікті билік органына көрсетілетін қызметке қатысты төлейтін зейнетақыдан басқа еңбекақыға, жалақыға немесе басқа ұқсас сыйақыға осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады;

б) Алайда мұндай еңбекақыға, жалақыға немесе басқа ұқсас сыйақыға, егер қызмет осы Уағдаласушы Мемлекетте жүзеге асырылса және осы Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын жеке тұлға:

(i) осы Уағдаласушы Мемлекеттің азаматы болып табылса;

(ii) немесе қызметті жүзеге асыру мақсатында ғана осы Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болмайтын болса, осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады

(2) а) Уағдаласушы Мемлекет немесе оның саяси-әкімшілік бөлімшелері немесе

жергілікті билік органдары төлейтін немесе олар құрған қорлардан жеке тұлғаға осы Уағдаласушы Мемлекет немесе оның саяси-әкімшілік бөлімшелері немесе жергілікті билік органдары үшін жүзеге асырған қызметі үшін төленетін кез келген зейнетақыға тек осы Уағдаласушы Мемлекетте салық салынады;

б) Алайда, егер жеке тұлға осы Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті және азаматы болып табылса, мұндай зейнетақыға тек екінші Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

(3) Осы баптың 1-тармағының ережелері сол сияқты Австрияның Қазақстандағы сыртқы сауда өкіліне және Австрияның Қазақстандағы сыртқы сауда өкілдігінің қызметкерлеріне төленетін сыйақыға қатысты қолданылады.

(4) 15, 16, 17 және 18-баптардың ережелері Уағдаласушы Мемлекет немесе оның саяси-әкімшілік бөлімшелері немесе жергілікті билік органдары жүзеге асыратын кәсіпкерлік қызметке байланысты қызметке қатысты төленетін еңбекақыға, жалақыға және басқа да ұқсас сыйақы мен зейнетақыларға қолданылады.

20-бап

СТУДЕНТТЕР

(1) Екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын немесе Уағдаласушы Мемлекетке барардың нақ алдында болып табылған және осы аталған Уағдаласушы Мемлекетте тек өзінің білім алуы немесе тағылымдамадан өтуі мақсатында ғана тұрып жатқан студент немесе практикант өзінің өмір сүру, білім алу немесе тәжірибеден өту мақсаты үшін алған сомаларға, бұл сомалардың көздері осы Уағдаласушы Мемлекеттен тыс жерде орналасқан кезде осы Уағдаласушы Мемлекетте салық салынбайды.

(2) Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын немесе бұрын болып табылған студент немесе практиканттың тиісті салық жылында жалпы жиыны 183 күннен асып кетпейтін кезеңге немесе кезеңдерге екінші Уағдаласушы Мемлекетте жүзеге асыратын қызметі үшін алатын сыйақыға, егер жалдау бойынша жұмыс бірінші аталған Уағдаласушы Мемлекетте жүзеге асырылатын оның білім алуына немесе тағылымдамадан өтуіне тікелей байланысты болса, осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынбайды.

21-бап

БАСҚА ДА ТАБЫСТАР

(1) Осы Конвенцияның алдыңғы баптарында айтылмаған Уағдаласушы Мемлекет резидентінің табыс түрлеріне оның пайда болу көзіне қарамастан, тек осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

(2) 6-баптың 2-тармағында айқындалған жылжымайтын мүліктен алынатын

табыстан өзге табыстарға, егер мұндай табыстарды алушы бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті бола тұра, екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса немесе осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан тұрақты базаның көмегімен тәуелсіз жеке қызметтер ұсынса және табыс төлеу жүргізілуіне байланысты құқық немесе мүлік іс жүзінде осындай тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға қатысты болса, 1-тармақтың ережесі қолданылмайды. Мұндай жағдайда, мән-жайларға қарай 7-баптың немесе 14-баптың ережелері қолданылады.

22-бап

КАПИТАЛ

(1) Уағдаласушы Мемлекет резидентіне тиесілі және екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан, 6-бапта айтылған жылжымайтын мүлік ретінде ұсынылған капиталға осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

(2) Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекетте ие болып отырған тұрақты мекеменің кәсіпкерлік мүлкінің бөлігін құрайтын жылжымалы мүлік немесе тәуелсіз жеке қызметтер көрсету үшін екінші Уағдаласушы Мемлекетте Уағдаласушы Мемлекет резидентінің билігінде бар тұрақты базаға қатысты жылжымалы мүлік түрінде ұсынылған капиталға осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте с а л ы қ с а л ы н у ы м ү м к і н .

(3) Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне тиісті теңіз және әуе кемелерімен және халықаралық тасымалда пайдаланатын және осындай теңіз және әуе кемелерін пайдалануға байланысты жылжымалы мүлік түрінде ұсынылған капиталға осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

(4) Уағдаласушы Мемлекет резиденті капиталының барлық басқа элементтеріне осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

23-бап

ҚОСАРЛАНҒАН САЛЫҚ САЛУДЫ БОЛДЫРМАУ

(1) Қазақстанда қосарланған салық салуды болдырмау мынадай түрде жүргізілуі м ү м к і н :

а) Егер Қазақстанның резиденті осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес Австрияда салық салынуы мүмкін табыс алса немесе капиталға ие болса, Қазақстан:

(i) бұл резиденттің табысына салынатын салықтан, оның Австрияда төлеген табыс с а л ы ғ ы н а т е ң с о м а н ы ш е г е р у г е ;

(ii) бұл резиденттің капиталына салынатын салықтан, оның Австрияда төлеген капиталына салынатын салыққа тең соманы шегеруге мүмкіндік береді.

Жоғарыда келтірілген ережелерге сәйкес шегерілетін салық мөлшері Қазақстанда

қолданылатын ставкалар бойынша сондай табысқа есептелген салықтан аспауы тиіс;

б) егер Қазақстанның резиденті осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес Австрияда ғана салық салынуы мүмкін табыс алса немесе капиталға ие болса, бірақ Қазақстанда салық салуға ұшырайтын осындай басқа табысқа немесе капиталға салық ставкасын белгілеу мақсатында ғана Қазақстан осы табысты немесе капиталды салық салу б а з а с ы н а е н г і з у і м ү м к і н .

(2) Австрияда қосарланған салық салуды болдырмау мынадай түрде жүргізіледі:

а) егер Австрия резиденті осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес Қазақстанда салық салынатын табыс алса немесе капиталға ие болса, Австрия б), с) және d) тармақшаларының ережелеріне сәйкес мұндай табысты немесе капиталды салықтан б о с а т у ы т и і с .

б) егер Австрия резиденті 10, 11 және 12-баптардың ережелеріне сәйкес Қазақстанда салық салынуы мүмкін табыс алса, Австрия осы резиденттің табысына салынатын салықтан Қазақстанда төленген салыққа тең соманы шегеруді ұсынады. Мұндай шегерім, алайда, Қазақстанда алынған осындай табыс түріне жататын шегерімді ұсынғанға дейін есептелген салықтың сол бөлігінен аспайды;

с) 10-баптың 2-тармағының а) тармақшасында қамтылған және Австрия резиденті болып табылатын компанияға Қазақстан резиденті болып табылатын компания төлейтін дивидендтер Австрияның ішкі заңдарының тиісті ережелеріне сәйкес, бірақ заңдарда талап етілетін холдингтің ең аз шамасынан кез келген ауытқуларға қарамастан, Австрияда салық салудан босатылады;

d) Егер осы Конвенцияның кез келген ережелеріне сәйкес алынатын табыс немесе Австрия резидентіне тиесілі капитал Австрияда салықтан босатылса, Австрия, алайда, осындай резиденттің қалған табысына немесе капиталына салынатын салық сомасын есептеу кезінде босатылған табысты немесе капиталды ескерсін;

е) Қазақстанда осы Конвенцияға сәйкес салық салынатын ретінде Австрия қарайтын Австрия резиденті алған табысқа, егер өзара келісу рәсімін өткізгеннен кейін Қазақстан осы Конвенцияның негізінде мұндай табысты салық салудан босатса, Австрияда салық салынуы мүмкін.

24-бап

КЕМСІТПЕУ

(1) Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық тұлғалары, атап айтқанда, резиденттікке қатысты ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салудан немесе осыларға байланысты міндеттемелерден өзгеше немесе біршама ауыртпалықты кез келген салық салуға немесе осыларға байланысты кез келген міндеттемеге, екінші Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық тұлғалары тап сондай жағдайда екінші Уағдаласушы Мемлекетте ұшырамайды. Осы ереже 1-баптың ережелеріне қарамастан, сондай-ақ Уағдаласушы

Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де резиденттері болып табылмайтын тұлғаларға да қолданылады.

(2) Уағдаласушы Мемлекеттің резиденттері болып табылатын азаматтығы жоқ тұлғалар, атап айтқанда, резиденттікке қатысты ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салудан немесе осыларға байланысты міндеттемелерден өзгеше немесе біршама ауыртпалықты кез келген салық салуға немесе осыларға байланысты кез келген міндеттемеге, тиісті екінші Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық тұлғалары тап сондай жағдайда қандай да Уағдаласушы Мемлекетте ұшырамауы тиіс.

(3) Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекетте ие болып отырған тұрақты мекемеге салық салу осындай қызметті жүзеге асыратын осы екінші Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорындарына салық салуға қарағанда осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте біршама қолайсыздау болмауы тиіс. Осы ереже бір Уағдаласушы Мемлекетті екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденттеріне олардың азаматтық мәртебесі немесе ол өздерінің резиденттеріне беретін отбасы жағдайы негізінде салық салу мақсаттары үшін мұндай жеке салықтық жеңілдіктер, шегерімдер мен шегерістер берілетіндей болып пайымдалмауы тиіс.

(4) 9-баптың 1-тармағының 11-баптың 9-тармағының немесе 12-баптың 6-тармағының ережелері қолданылатын жағдайларды қоспағанда, Уағдаласушы Мемлекеттің екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төлейтін пайыздар, роялти және басқа да төлемдер осындай кәсіпорынның салық салынатын пайдасын айқындау мақсаты үшін олар бірінші аталған Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне қалай төленсе, нақ осындай жағдайлар кезінде шегеріліп тастауға жатады. Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорнының екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне осыған ұқсас кез келген берешегі осындай кәсіпорынның салық салынатын капиталын айқындау мақсаты үшін бірінші аталған Уағдаласушы Мемлекет резидентінің берешегі жағдайларындағыдай шегеруге жатады.

(5) Капиталы екінші Уағдаласушы Мемлекеттің бір немесе бірнеше резиденттеріне толық немесе ішінара тиесілі немесе олар тікелей немесе жанама түрде бақылауға алып отырған Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнына бірінші аталған Уағдаласушы Мемлекеттің басқа осындай кәсіпорындары ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салуға және соған байланысты міндеттемелерге қарағанда өзгешеленетін немесе неғұрлым ауыртпалықты болып табылатын кез келген салық салуға немесе соған байланысты қандай да бір өзгешеленетін міндеттемелерге бірінші аталған Уағдаласушы Мемлекетте қолданылмауы тиіс.

(6) 2-баптың ережелеріне қарамастан, осы баптың ережелері кез келген салықтың түріне қолданылады.

25-бап

ӨЗАРА КЕЛІСУ РӘСІМІ

(1) Егер тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де іс-әрекеттері өзін осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес келмейтін салық салуға әкеп соғып отыр немесе әкеп соғатын болады деп санаса, ол осы Уағдаласушы Мемлекеттердің ішкі заңдарында көзделген қорғану құралдарына қарамастан, өзінің ісін өзі резидент болып табылатын Уағдаласушы Мемлекеттің немесе егер оның ісі 24-баптың 1-тармағына қатысты болса, өзі ұлттық тұлғасы болып табылатын сол Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органының қарауына бере алады. Өтініш осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес келмейтін салық салуға әкеп соққан іс-әрекеттер туралы алғашқы хабар берілген сәттен бастап үш жыл ішінде берілуі тиіс.

(2) Құзыретті орган, егер ол өтінішті негізді деп санаса және егер өзі қанағаттанарлық шешімге келе алмаса, осы Конвенцияға сәйкес келмейтін салық салуды болдырмау мақсатында істі екінші Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органымен өзара келісім бойынша шешуге ұмтылады. Кез келген қол жеткізілген уағдаластық Уағдаласушы Мемлекеттердің ұлттық заңдарында көзделген кез келген уақыт шектеулеріне қарамастан орындалатын болады.

(3) Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары Конвенцияны пайымдау немесе қолдану кезінде туындайтын кез келген қиындықтарды немесе күмән-күдіктерді өзара келісе отырып шешуге ұмтылатын болады. Олар, сондай-ақ Конвенцияда көзделмеген жағдайларда қосарланған салық салуды жою мақсатымен бір-бірімен консултация өткізе алады.

(4) Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары мұның алдындағы тармақтарды келісуге қол жеткізу мақсаты үшін олардың өздерінен немесе олардың өкілдерінен тұратын бірлескен комиссия шеңберінде осындай алмасу болатын бір-бірімен тікелей байланыс жасай алады.

26-бап

АҚПАРАТ АЛМАСУ

(1) Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары осы заңдар бойынша қандай салық салу осы Конвенцияға қайшы келмейтіндей дәрежеде осы Конвенция қолданылатын салықтарға қатысты осы Конвенцияның ережелерін орындау үшін қажетті ақпарат алмасып тұрады. Ақпарат алмасу 1-баппен шектелмейді. Уағдаласушы Мемлекет алған кез келген ақпарат осы Уағдаласушы Мемлекеттің ішкі заңдарының шеңберіндегі тәсілмен алынған ақпарат секілді құпия болып есептеледі және Конвенция қолданылатын бағалаумен немесе салықтарға қатысты жинаумен, мәжбүрлі өндіріп алумен немесе сотпен қудалаумен немесе шағымдарды қараумен айналысатын

тұлғаларға немесе органдарға ғана (соттар мен әкімшілік органдарды қоса алғанда) хабарланады. Мұндай тұлғалар немесе органдар ақпаратты осы мақсаттар үшін ғана пайдаланады. Олар бұл ақпаратты ашық сот мәжілісі барысында немесе сот шешімдерін қабылдау кезінде аша алады.

(2) Ешқандай жағдайда 1-тармақтың ережелері Уағдаласушы Мемлекетке:

а) осы немесе екінші Уағдаласушы Мемлекеттің заңдары мен әкімшілік практикасына қайшы келетін әкімшілік шараларын қолдану;

б) осы немесе екінші Уағдаласушы Мемлекеттің заңдары бойынша немесе әдеттегі әкімшілік практикасы барысында алуға болмайтын ақпарат беру;

с) қандай да болмасын бір сауда, кәсіпкерлік, өнеркәсіптік, коммерциялық немесе кәсіптік құпияны немесе сауда процесін ашуы мүмкін ақпарат немесе ашылуы мемлекеттік саясатқа (қоғамдық тәртіпке) қайшы келуі мүмкін ақпарат беру міндеттемесін жүктейтіндей мағынада түсіндірілмейді.

27-бап

ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ӨКІЛДІКТЕРДІҢ ЖӘНЕ КОНСУЛДЫҚ МЕКЕМЕЛЕРДІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ

Осы Конвенцияда халықаралық құқықтың жалпы нормаларымен немесе арнаулы келісімдердің ережелеріне сәйкес дипломатиялық өкілдіктердің және консулдық мекемелердің қызметкерлеріне берілген салықтық артықшылықтарды ешнәрсе де қозғамайды.

28-бап

КҮШНЕ ЕНУІ

(1) Осы Конвенция бекітуге жатады және әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің ішкі заңдарында көзделген оның күшіне енуіне арналған рәсімдерді екі Уағдаласушы Мемлекеттің де орындағанын көрсететін соңғы хабарлама күнінен кейін 30-күні күшіне е н е д і .

(2) К о н в е н ц и я :

а) Конвенция күшіне енген жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан бастап немесе 1 қаңтарынан кейін төленген немесе есептелген сомаға қатысты көзден ұ с т а л ғ а н с а л ы қ т а р ғ а ;

б) және Конвенция күшіне енген жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан бастап немесе 1 қаңтарынан кейін басталған салық салынатын кезеңге қатысты салықтарға қолданылады.

29-бап

КҮШІН ТОҚТАТУЫ

Осы Конвенция Уағдаласушы Мемлекеттердің бірі оның қолданылуын тоқтатпайынша күшінде қала береді. Кез келген Уағдаласушы Мемлекет Конвенция күшіне енген күннен бес жылдық кезең өткеннен кейінгі келесі кез келген күнтізбелік жылдың аяқталуына кемінде алты ай қалғанда дипломатиялық арналар арқылы қолданысын тоқтату туралы жазбаша хабарлама жібере отырып, Конвенцияның қолданылуын тоқтата алады. Мұндай жағдайда Конвенция:

а) хабарлама берілген жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан бастап немесе 1 қаңтарынан кейін төленіп жатқан немесе есептеліп жатқан сома бойынша көзден ұсталатын салықтарға қатысты;

б) және хабарлама берілген жылдан кейінгі келетін жылдың 1 қаңтарынан бастап немесе 1 қаңтарынан кейін басталатын салық салынатын кезең үшін салынатын басқа салықтарға қатысты өзінің қолданылуын тоқтатады.

Осыны куәландыру ретінде, тиісті дәрежеде өкілеттік берілген төмендегі қол қоюшылар осы Конвенцияға қол қойды.

Қазақстан Республикасы мен Австрия Республикасы арасындағы Табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты конвенцияға қол қойған кезде Уағдаласушы Мемлекеттер қоса беріліп отырған Хаттама Конвенцияның ажырамас бөлігін құрайтынына келісті.

2004 жылғы қыркүйек айының 10 күні Вена қаласында қазақ, неміс, ағылшын және орыс тілдерінде екі данада жасалды, барлық мәтіндердің күші бірдей. Мәтіндер арасында алшақтық болған жағдайда, ағылшынша мәтін айқындаушы болып табылады.

ҚАЗАҚСТАН

АВСТРИЯ

РЕСПУБЛИКАСЫ ҮШІН

РЕСПУБЛИКАСЫ ҮШІН

ХАТТАМА

Қазақстан Республикасы мен Австрия Республикасы арасындағы Табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты Конвенцияға қол қойған кезде төменде қол қойғандар мынадай ережелердің Конвенцияның ажырамас бөлігін құрайтынына келісті.

Конвенцияға түсінік беру

Табыс пен капиталға OECD Конвенциясы үлгісінің ережелеріне сәйкес жасалған осы Конвенцияның ережелері, жалпы алғанда, бұл OECD түсініктемелерінде айтылғандай мәні бар деп есептелетіні ұғынылады. Уақыт өткен сайын қайта қаралуы мүмкін түсініктемелер 1969 жылғы 23 мамырдағы Халықаралық шарттардың құқығы туралы Вена Конвенциясына сәйкес келетін түсіндіру құралын құрайды.

10-баптың 6-тармағына қатысты

Табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты осы Конвенция Қазақстан мен Конвенция осы Конвенцияның 10-бабының 6-тармағында көзделген қосымша салық көзделмейтін Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына мүше болып табылатын ел арасында әзірге осы уақытта қолданылса, мұнда сөз болып отырған қосымша салық Австрия резидент-кәсіпорындарынан өндіріліп алынбайды.

11 және 12-баптарға қатысты

Егер Қазақстан мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына мүше болып табылатын үшінші Мемлекет арасындағы кез келген Конвенцияда 11-баптың 2-тармағында немесе 12-баптың 2-тармағында көрсетілген 10 проценттен төмен салық ставкасын Қазақстан қабылдаса және бұл Конвенция осы Конвенция күшіне енген күнге дейін не кейін күшіне енсе, Қазақстанның құзыретті органы бұл Конвенция күшіне енгеннен кейін дереу үшінші Мемлекетпен бұл Конвенцияның тиісті тармағының ережелері туралы Австрияның құзыретті органын хабарлайтынына және мұндай төмен ставка қайсысы кешірек күшіне енетініне қарай, сол Конвенцияның немесе осы Конвенцияның күшіне енген күнінен бастап мән-жайларға қарай осы Конвенцияның 11-бабының 2-тармағында немесе 12-баптың 2-тармағында көзделген 10 процентті алмастыратынына Уағдаласушы Мемлекеттер келісті.

Осыны куәландыру ретінде, тиісті дәрежеде өкілеттік берілген төмендегі қол қоюшылар осы Хаттамаға қол қойды.

2004 жылғы қыркүйек айының 10 күні Вена қаласында қазақ, неміс, ағылшын және орыс тілдерінде екі данада жасалды, барлық мәтіндердің күші бірдей. Мәтіндер арасында алшақтық болған жағдайда, ағылшынша мәтін айқындаушы болып табылады.

Қ А З А Қ С Т А Н
РЕСПУБЛИКАСЫ ҮШІН

А В С Т Р И Я
РЕСПУБЛИКАСЫ ҮШІН